



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

3. Сельское хозяйство Казахстана: отрасли, проблемы, развитие. Сельское хозяйство Южного Казахстана. // Проект «ФБ»: URL - <http://fb.ru/article/257986/selskoe-hozyaystvo-kazahstana-otrasli-problemyi-razvitie-selskoe-hozyaystvo-yujnogo-kazahstana>.
4. Крупные инвесторы в сельское хозяйство Казахстана - Россия, Китай, Иран. // ТОО «ИТАЮ»: URL - http://www.ratel.kz/kaz/krupnye_investory_v_selskoe_hozhajstvo_kazahstana_rossija_kitaj_iran.
5. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан [5] <http://economy.gov.kz/ru/>
6. [Finprom.kz](http://finprom.kz).
7. Инвестиции в сельское хозяйство бьют рекорды. // Информационное Агентство «Капитал»: URL - <https://kapital.kz/finance/53928/investicii-v-selskoe-hozyajstvo-byut-rekordy.html>

УДК 336.7

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ АКТИВТЕРІ МЕН ПАССИВТЕРІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Сансызбай Илияс Бақытұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты., Қазақстан, Астана қ.
Ғылыми жетекшісі: Кушербаев Б.П.

Коммерциялық банк активтері мен пассивтерін басқару теориясы коммерциялық банктерді ұйымдастырумен бір уақытта туындады. Берілген теория банк үшін екі басты мәселені шешеді:

- банк активтері мен пассивтері құрылымының мерзімі бойынша келісу, яғни оның әрбір өтімділік сәтінде қамтамасыз ету;
- барынша көп пайызды кірісті қамтамасыз ету [1].

Бүгінгі күні коммерциялық банктердің активтері мен пассивтерін басқарудың төрт негізгі теориясы қалыптасқан: коммерциялық қарыздар теориясы, ауыстыру теориясы, болжамданған кіріс теориясы – олар активтерді басқару теориясымен байланысты, пассивтерді басқару теориясы да ұқсас құрастырылған.

Банктік өтімділік туралы алғашқы мәселенің екі жолы болды. Бірінші жолы банк активтерінің құрылымы мерзім бойынша оның пассивтер құрылымына сәйкес келу керектігіне негізделген, алайда бұл коммерциялық банктермен өздерінің өтімділігін басқарудың белсенді саясатын жүргізу мүмкіндігін шектеді. Берілген жол негізінде алтын банк ережесі деп аталатын ереже қалыптасты, яғни банктің қаржылық талаптар мөлшері мен мерзімдері оның міндеттемелерінің мөлшері мен мерзімдеріне сәйкес келуі керек.

Екінші жол баланс активтері құрылымы мен пассивтері құрылымының нақты сәйкессіздік мүмкіндігіне негізделген, себебі ең мықты деген коммерциялық банктің біреуі де экономикалық дағдарыспен, банкрот болумен, қарыздар бойынша өтелмеген төлемдермен, қарыз капиталдары, ақша қаражаттары, бағалы қағаздар нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныс конъюктурасының өзгеруімен және қаржылық нарықтың басқа да теңгерімсіздік құбылыстарынан туындаған несие тәуекелінен сақталмаған. Мұндай құбылыстар әсіресе ауыспалы экономикасы бар мемлекеттер үшін тән [2].

Сондықтан, бүгінгі күні коммерциялық банктерді тұрақты қызмет жағдайымен қамтамасыз ету өтімділік мәселесін баланс құрылымдарын басқару мүмкіндігі, яғни коммерциялық банктердің активтері мен пассивтерін бір уақытта басқару мүмкіндігі арқылы шешу қажеттілігін туындатып отыр.

Расымен де, активтер мен пассивтердің банктік портфелі – бұл жоғары табысқа мен тәуекелдің қол жетімді деңгейіне қол жеткізу үшін қолданылатын бірыңғай жүйе. Активтер

мен пассивтерді бірігіп басқару банкке депозиттер мен қарыздарды іскерлік белсенділік циклдерінің ауытқулары мен мерзімдік ауытқулар әсерінен қорғау үшін, сонымен қатар банк мақсатын іске асыруға мүмкіндік беретін активтер портфелін қалыптастыру үшін құрал береді.

Активтер мен пассивтерді басқарудың мәні баланс құрылымын оның стратегиясымен сәйкестендіретін шараларды орындау және тактикасын қалыптастыруға негізделген.

Банк активтері мен пассивтерінің сапасы банктік операциялардың барлық аспектілеріне әсер етеді. Егер қарыз алушылар өздерінің қарыздары бойынша пайыздарды төлемесе, онда банктің таза пайдасы аз болады. Өз кезегінде, төмен кірістер (таза пайда) өтімділіктің жетіспеушілігінің себебі болуы мүмкін. Жеткілікті деңгейде ақшаның түспеуі кезінде банк өзінің міндеттемелерін әкімшілік шығындар мен өзінің бар қарыздары бойынша пайыздарды төлей алатындай көтеруі керек. Тұрақсыз (төмен) таза пайда сонымен қатар банк капиталын да өсірмейді. Активтер мен пассивтер сапасының нашар болуы тікелей капиталға әсер етеді. Егер қарыз алушылар өздерінің қарыздарының негізгі сомасын төлемейді деп болжамдасақ, онда активтер өздерінің құндылығын талап етеді, және бұдан капитал төмендейді. Өте көп төленбеген қарыздар банктердің төлей алмау қабілетінің ең таралған себебі болып саналады [3].

Сондықтан, коммерциялық банктер өз баланс динамикаларын талдап, салыстырып отырады. Баланс динамикасын талдау (активтер құрылымы мен пассивтер құрылымын талдау) банктің сенімділігін және төлем қабілеттілігін, өзінің қаражаттарды арқылы ықтимал шығындарын өтеу қабілетін бекітеді.


1 кестеге сәйкес, 2017 жылдың қорытындысы бойынша активтер мөлшері бойынша бірінші орында сомасы 4854228,6 млн.теңге «Қазақстанның халық банкі» АҚ, екінші орында «Казкоммерцбанк» АҚ сомасы 3439242,7 млн.теңге және үшінші орныда сомасы 2123820,7 млн.теңге «Цеснабанк» АҚ тұр [4].

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының рейтинг бойынша ЕДБ активтер көрсеткіштері, млн.теңге

№	ЕДБ	01.01.2016ж		01.01.2017ж		01.12.2017ж	
		Активтер сомасы	Абсолют. өсімі	Активтер сомасы	Абсолют. өсімі	Активтер сомасы	Абсолют. өсімі
1	Казкоммерц банк	5051837,2	2182 916,4	4869 393,9	-182 443,3	3439242,7	- 1430151,1
2	Халық банкі	4053 885,7	1420 363,5	4890 124,8	836 239,1	4854228,6	-35 896, 2
3	Цеснабанк	1939 194,7	622 358,6	2081 907,3	142 712,6	2123820,7	41 913,3

Сонымен қатар, 1 кестеден байқайтынымыз, үш жыл бойы аталған үш банк жетекші орындарға ие болып келеді және олардың активтері жыл сайын өсуде.

Жалпы, 2017 жылдың желтоқсан айының қорытындысы бойынша Қазақстанда 32 коммерциялық банк жұмыс істейді. Бұл банк секторының актив құрылымы 2017 жылдың желтоқсан айында 24161,4 млрд. теңгені құрады. Ал аталмыш жылдың басында 25561,2 млрд. теңгені құраған. Анығырақ төмендегі 1 суретке назар аударайық.



Сурет 1 – Қазақстан Республикасы банк секторының актив құрылымы, млрд. теңге

Суреттен көріп отырғанымыздай, банк активтері соңғы жылдары теріс динамикасын көрсетуде. Егер 2010 жылдан бастап тек оңтайлы немесе бейтарап динамикасын көрсетіп келетін болса, соңғы айлары берілген көрсеткішке валюталық активтерді қайта бағалау қолдау көрсетті.

Бұл статистикалық көрсеткіштер тек коммерциялық банктерде активтер мен пассивтерді басқару стратегиясының дұрыс жүргізіліп жатқанын білдіреді. Алайда, мұндай оң көрсеткіштерге қарамастан, активтер мен пассивтерді басқарудың бірнеше мәселелері бар.

Коммерциялық банктердің активтері мен пассивтерін басқарудың басты мәселесі банк менеджерлері әсер ете алмайтын экономиканың дағдарыстық кезеңі сатып алу өтімділігінің кемшілігіне: ақшалай ұсыныстың азаюына да, сол сияқты жинақталған өтімділік кемшілігіне алып келеді, яғни кредиттерге қызмет көрсету кестесінің бұзылады, ал клиенттер олардың пролонгациясына мәжбүр болады. онымен қоса бір уақытта жаңа кредиттерге сұраныс өсіп келеді, себебі клиенттер ақша қаражаттарының жетіспеушілігін сезінуде, ал бағалы қағаздар нарығында бағалар түсуде.

Сондықтан, өтімділікті қолдау мақсатымен банк активтері мен пассивтерін басқару стратегиясын әзірлеуде менеджерлер сыртқы орта дамуының ықтимал жағдайларын алдын ала болжауы керек және өтімділік резервтерін құрудың аса қатты немесе керісінше төмен белгілерін өңдеулері керек. Онымен қоса, активтер мен пассивтерді басқару стратегиясы активтер мен пассивтердің ойластырылған өзгеруін және банктік операциялардың аса тұрақты құрылымын құру жағына негізгі қатынастарын қарастыруы керек.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келетін болсақ, коммерциялық банк активтері мен пассивтерін басқару – бұл болжамданған сұранысты қанағаттандыру үшін өтімділік қаражаттарының жинақталуы және нарықта өтімділік қажеттілігі туындаған жағдайда активтер сатып алу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Банк ісі : экономика мамандықтар студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы. - Павлодар: Кереку, 2011. - 81 б.
2. Мубарак, Ж. Некоторые предложения методов управления активами и пассивами в коммерческих банков Республики Казахстан [Электронный ресурс] / Ж. Мубарак. - Электрон. текстовые дан. // Банки Казахстана. - 2007. - №9. - С. 21-24

3. Едилкызы О. А. Портфель активов как источник банковской доходности // Молодой ученый. — 2016. — №11. — С. 723-725.
4. Қазақстан Ұлттық банкі ресми интернет ресурсі // htt

ОӘЖ 336.025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ-НЕСИЕ ЖҮЙЕСІН ЖАҢА ДАНДЫРУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫҢ РӨЛІ

Тағабай Бекболат Талғатұлы
tagabai.bekbolat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Экономика факультеті, Қаржы мамандығының 3-курс студенті, Астана қ., Қазақстан.
Ғылыми жетекші – Хамитхан Н.

«Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет», - деп мақала кіріспесін ел басы сөзімен бастағанды жөн көрдім. Жалпы алғанда цифрлық мемлекет болу біздің мемлекетіміздің экономикалық дамуында үлкен маңызды орын алады.

Бағдарламаның басты мақсаты: «Цифрлық экожүйенің қарқынды дамуы арқылы Қазақстан халқының өмір сүру сапасын және экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру», - болып табылады деп ел басы өз жолдауында айтқан болатын. Бұл мақсатқа жетуде ҚР қаржы-несие жүйесін жаңадандыруда Қазақстанның цифрландыру жағдайы үлкен орын алады.

Жалпы цифрлық өзгерістер түріндегі қаржылық қызмет көрсету саласындағы жаңа технологиялар банк саласының ауқымы мен тиімділігін көтеруге, қаржылық қызмет көрсету сұранысын кеңейтуге, ақшасыз төлем жүргізу үлесін көбейтуге, көлеңкелі экономика көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының қаржылық секторы мемлекет экономикасының әлсіз жағының бірі болып табылады: бәсекеге қабілетті мемлекеттер арасындағы жалпы рейтингте Қазақстан 42-ші орында тұрса, қаржылық нарығының дамуы бойынша – 91-ші орында (2015-2016 ж. Әлемдік экономикалық форум индексіне сәйкес)[1]. Сондықтан қаржылық сектордың төменгі рейтингі экономиканың жалпы артта қалуының себебі болады, және әлемнің аса дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену мақсатына жетуге кедергі болады.

Цифрлық қаржылық инфрақұрылымның дамуының екі тоғыспалы негізгі бағыты бар, олар – түрленуі басқа бағыттар бойынша табысты қызметке қажетті деректерді басқару инфрақұрылымы және төлемдердің экожүйесі.

Деректерді басқару инфрақұрылымын жақсарту қатысушы тараптардың барлығына ашық интерфейс арқылы тең қолжетімділік, сонымен қатар деректердің шығу тегінің нақты құрылымын анықтауға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл инфрақұрылым мемлекеттік органдардың жүйелерінен және Кредит бюросынан қаржылық ақпарат алады. Деректерді пайдаланушылар өз бизнестерінің тиімділігін арттырып, жаңа қызмет түрлерін әзірлеп, енгізе алады.

Төлемдік экожүйені, оның ішінде шағын төлемдер жүйесін дамыту ақшасыз төлемдердің көлемін арттыруға, банкоматтарды біріктіру бағдарламаларын құруға, дәл қазіргі уақыт режимінде төлемдер жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи төлем технологиялары, оның ішінде электрондық шот ұсыну және электрондық билеттер сату, пайдаланушылар тарапынан қаражатты аударудың тиімді әдістерін қолдану арқылы төлемдер жасау пайда болады.

Мобильді экожүйені құру тәуекелді бағалауды жақсарту үшін деректердің заманауи инфрақұрылымын құруға, P2P кредиттеу және төлемнің әртүрлі тәсілдерімен мобильді кошелек құруға мүмкіндік береді. Бұл экожүйе клиенттерге таңдаулы және тиімді